

Бекітемін: \_\_\_\_\_  
менгеруші Ш.Т. Жусупова



**№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің  
2023-2024 оқу жылына арналған  
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**Кеңестің негізгі міндеттері:**

1. педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
2. білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
3. педагогтардың жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
4. педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу.

№	Мазмұн	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1.	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту; 2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті; 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қыркүйек 2023	Хаттама
2.	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау; 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика;	Қараша 2023	Слайд

	<b>3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.</b>		
3.	<b>«Педагог дауысы» ашық брефинг кездесу</b>	Ақпан 2024	Хаттама, кездесу анықтамасы
4.	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Педагогтардың құқықтары; 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары; 3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау;	Наурыз 2024	Хаттама
5.	<b>«Құқықтық сауаттылық» күні</b>	Сәуір 2024	Анықтама
6.	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Педагог бейнесі; 2. Өзінді-өзін тәрбиелеу жолдары; 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.		

**№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ  
№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу күні: 20 қыркүйек 2023 жыл

Өткізу орны: музыка залы

Қатысқандар: кеңес мүшелері және педагогтер

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

**БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Кеңес төрағасы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мақсаты мен міндеттері туралы баяндама жасады. Педагогикалық этика қағидалары, кеңестің жұмыс тәртібі және қызмет бағыттары түсіндірілді. Кеңес мүшелері кеңестің ережесімен танысып, өз ұсыныстарын білдірді.

**ШЕШІМ:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ережесі бекітілсін.
2. Кеңес жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілсін.

**ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Әдіскер педагогтің кәсіби келбеті, киім мәдениеті, сөйлеу әдебі және қызметтік қарым-қатынастағы мінез-құлық нормалары туралы баяндады.

**ШЕШІМ:**



1. Педагогтер кәсіби қызмет барысында іскерлік стильді ұстансын.
2. Педагогтің оң имиджін қалыптастыру жұмыстары жүргізілсін.

**ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Кеңес мүшесі педагогикалық әдеп нормаларын сақтаудың маңыздылығы туралы баяндама жасады. Педагогтердің әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдеп қағидаларын сақтау қажеттілігі айтылды.

**ШЕШІМ:**

1. Педагогикалық әдеп нормалары қатаң сақталсын.
2. Әдеп талаптарын түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Төрайымы:  Т.А. Алпамысова  
Хатшысы:  Ж.С. Дарибаева

**№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ  
№2 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу күні: 22 қараша 2023 жыл

Өткізу орны: бөбекжайдың музыка залы

Қатысқандар: кеңес мүшелері және педагогтер

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

**БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Кеңес мүшесі әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік және педагогтің беделін сақтау мәселелері бойынша баяндама жасады. Жеке фотосуреттер мен бейнематериалдарды жариялау кезінде заң талаптары мен этикалық нормаларды сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

**ШЕШІМ:**

1. Әлеуметтік желілерде педагог мәртебесіне сай мінез-құлық сақтау ұсынылсын.
2. Қызметтік ақпараттарды жариялауда сақтық шаралары күшейтілсін.

**ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Әдіскер педагогикалық тактика ұғымына тоқталып, тәрбие мен оқыту процесіндегі кәсіби қарым-қатынас ерекшеліктерін түсіндірді.

**ШЕШІМ:**


1. Педагогикалық такт қағидаларын сақтау жалғастырылсын.
2. Даулы жағдайларды мәдениетті түрде шешу тәжірибесі жетілдірілсін.


**ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Баяндамашы сөйлеу мәдениетінің педагог қызметіндегі рөлі туралы айтты. Қарым-қатынас барысында әдеби тіл нормаларын сақтау қажеттігі атап өтілді.

**ШЕШІМ:**

1. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Әдеби тіл нормаларын сақтау міндеттелсін.

Төрайымы:  Т.А. Алпамысова

Хатшысы:  Ж.С. Дарибаева



**№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ  
№4 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу күні: 22 мамыр 2024 жыл

Өткізу орны: әдістемелік кабинет

Қатысқандар: кеңес мүшелері және педагогтер

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Педагог бейнесі.
2. Өзінді-өзі тәрбиелеу жолдары.
3. Педагогтардың әлеуметтік желіде және қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

**БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Кеңес төрағасы педагог бейнесі – педагогтің кәсіби құзыреттілігі, мәдениеті, сөйлеу әдебі, сыртқы келбеті және қоғамдағы беделінің жиынтығы екенін атап өтті. Педагогтің жеке тұлғалық қасиеттері тәрбиеленушілер мен ата-аналар үшін үлгі болуы қажеттігі айтылды.

Педагогтің кәсіби имиджі білім беру ұйымының беделіне тікелей әсер ететіні, сондықтан әр қызметкер өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауы тиіс екендігі түсіндірілді.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Әдіскер педагогтің кәсіби мәдениеті мен педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру қажеттілігіне тоқталды.

**ШЕШІМ:**

1. Педагогтің жағымды кәсіби бейнесін қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. Педагогтер қызметтік міндеттерін орындау барысында педагогикалық әдеп талаптарын басшылыққа алсын.

**ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Кеңес мүшесі өзін-өзі тәрбиелеу мен кәсіби дамудың маңыздылығы туралы баяндама жасады. Педагогтің үздіксіз білім алуы, өзін-өзі жетілдіруі және кәсіби құзыреттілігін дамытуы қазіргі заман талабы екендігі атап өтілді.

Сондай-ақ педагогтердің кәсіби әдебиеттер оқу, тәжірибе алмасу, семинарлар мен курстарға қатысу арқылы өз білімін жетілдіру жолдары қарастырылды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Педагогтер өздерінің кәсіби даму бағыттары бойынша пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісті.



## **Педагогикалық әдеп заңына сәйкес балабақша қызметкерлеріне арналған ішкі тәртіп ережесі:**

### **1. Жалпы ережелер**

- Балабақша қызметкерлері өз міндеттерін атқару барысында педагогикалық әдеп пен этиканың жоғары талаптарын сақтауға міндетті.
- Қызметкерлердің моральдық-этикалық мінез-құлықтары, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынасы, жұмыстағы жауапкершілігі мен адалдығы жоғары деңгейде болуы тиіс.
- Балабақша қызметкерлері өз міндеттерін орындауда тәртіп пен жауапкершілік, сенімділік және біртұтастық қағидаларын басшылыққа алады.

### **2. Қызметкерлердің міндеттері**

- Әрбір қызметкер өз жұмысын орындау кезінде кәсіби дағдыларын жетілдіруге, үздіксіз білім алуға, балалардың дамуына қажетті қолайлы орта жасауға міндетті.
- Балабақша қызметкерлері балаларға құрметпен, жақсы көңіл-күймен қарауға, олардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз етуге жауапты.
- Қызметкерлер балабақша ішіндегі тәртіпті сақтап, әріптестерімен өзара сыйластықта жұмыс істеуі керек.

### **3. Тәртіп ережелері**

- Балабақшаға жұмысқа уақытында келу және жұмыс уақытының ішінде балаларға қызмет көрсету маңызды.
- Қызметкерлер жеке жұмыс уақытында және балабақша аумағында қызметтік міндеттерін орындау кезінде өзіне қажетті киім мен құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану керек.
- Балабақшадағы кез келген қарым-қатынас мәдениетті, сабырлы және тәрбиелік мәні бар болуы қажет.

### **4. Қарым-қатынас ережелері**

- Балабақша қызметкерлері ата-аналармен және басқа да қызығушылық танытушылармен іскерлік және сыйластық қарым-қатынаста болуы тиіс.
- Әр қызметкер өз іс-әрекеттері мен қызметін ашық әрі әділ түрде жүзеге асыруға тиіс.

- Қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынас конструктивті, кәсіби, сыпайы болуға міндетті.

#### **5. Дисциплина және жауапкершілік**

- Балабақшада жұмыс істейтін қызметкерлер өз міндеттерін орындау кезінде тәртіп бұзу немесе заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда заңнамаға сәйкес жауап береді.
- Қызметкерлер жұмыс орнында алкоголь немесе есірткі заттарды тұтынуға, әдепсіз мінез-құлық көрсетуге жол бермеуі тиіс.

#### **6. Кәсіби даму және білім**

- Педагогикалық қызметкерлердің білімін үнемі жаңартып, кәсіби дамуына жағдай жасау қажет.
- Қызметкерлер семинарлар, тренингтер, педагогикалық кездесулерге қатысып, өз білімдерін жетілдіруге міндетті.

#### **7. Қорытынды**

Балабақша қызметкерлері өздерінің кәсіби міндеттерін, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастарын жоғары деңгейде орындап, балабақшадағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға міндетті. Ішкі тәртіп ережелері педагогикалық этиканы сақтау арқылы балалардың үйлесімді дамуына және тәрбие жүйесінің тиімділігіне ықпал етеді.

Бұл ережелер балабақша ұжымының тиімді жұмыс істеп, әр баланың дамуына оң әсер етуін қамтамасыз ету мақсатында жасалады.

Балабақша қызметкерлеріне арналған **педагогикалық этика** ережелері балалардың психозмоционалды дамуы мен педагогикалық үдерістің тиімділігі үшін өте маңызды. Мұндай ережелер қызметкерлердің мінез-құлқына, қарым-қатынасына және кәсіби әрекеттеріне бағытталған.

### **1. Балаларға деген құрмет пен сүйіспеншілік**

- Балабақша қызметкерлері әр баланы жеке тұлға ретінде құрметтеуі тиіс.
- Балаларды жақсылық пен ізгілікке тәрбиелеу, олардың қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына және сезімдеріне түсіністікпен қарау маңызды.
- Балаларға мейірімділік пен сабырлық танытып, олардың әрқайсысына тең мүмкіндік беру қажет.

### **2. Кәсіби мінез-құлық**

- Балабақша қызметкерлері өз міндеттерін жоғары кәсіби деңгейде орындап, жұмысты адал, әділ, жауапкершілікпен атқаруы керек.
- Педагогикалық қызметкерлер өз білімін үздіксіз жаңартып, кәсіби даму үшін білім алуға міндетті.
- Әр қызметкер өзін-өзі жетілдіріп, әдістемелік құралдар мен жаңа технологияларды қолдануда жаңашыл болуы қажет.

### **3. Әдептілік пен тәртіп**

- Қызметкерлер өз әрекеттерінде әдептілік пен тәртіпті сақтауы тиіс.
- Әрбір педагог балабақшадағы тәртіпті, балалардың қауіпсіздігін және тыныштықты қамтамасыз етуге жауапты.
- Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас, әріптестермен жұмыс, ата-аналармен сөйлесу кезінде сыпайылық, құрмет пен әділдік басты қағида болуы керек.

### **4. Балалардың жеке құқығын қорғау**

- Балабақша қызметкерлері балалардың құқықтарын қорғауға, оларды психологиялық және физикалық тұрғыда қорғансыздыққа ұшыратпауға міндетті.
- Балаларға ешқашан қорлаушы немесе жарақаттайтын сөздер айтуға, олардың ар-намысына нұқсан келтіруге жол берілмеуі тиіс.

- Баланың жасына сәйкес келмейтін немесе оған зиян келтіретін әрекеттерден аулақ болу керек.

#### **5. Ата-аналармен қарым-қатынас**

- Балабақша қызметкерлері ата-аналармен ашық, құрметті және ынтымақтастықта қарым-қатынас орнатуы тиіс.
- Ата-аналарға балалардың даму динамикасы, олармен жұмыс нәтижелері туралы ақпарат ашық және кәсіби түрде берілуі қажет.
- Қызметкерлер ата-аналардың сұрақтарына шыншыл, мейірімді және кәсіби жауап беруі тиіс.

#### **6. Жұмыс уақыты мен тәртіпті сақтау**

- Балабақша қызметкерлері жұмыс уақытының тиімді пайдаланылуын, тәртіпті сақтауды және өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды қамтамасыз етуі керек.
- Қызметкерлердің балабақшада уақыт өткізуі олардың кәсіби қызметіне сәйкес болуы қажет, ойын процесін ұйымдастыру, білім беру және балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру да маңызды.

#### **7. Топ ішінде ынтымақтастық және өзара құрмет**

- Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас өзара құрмет, ынтымақтастық және қолдау принциптеріне негізделуі тиіс.
- Әріптестер бір-бірінің пікірін тыңдап, өзара көмек көрсетуге дайын болуы керек.
- Әр қызметкер өз міндеттерін орындау барысында топтық жұмысқа үлес қосып, балабақша ұжымының бірлігін қамтамасыз етуі тиіс.

#### **8. Жеке өмір мен кәсіби міндеттер арасындағы шекара**

- Балабақша қызметкерлері өз жеке өмірі мен кәсіби міндеттерін ажыратып, жеке өмірінде де этикалық нормаларды сақтауы тиіс.
- Әр қызметкер балабақшадағы өз рөлін кәсіби тұрғыда ғана орындап, жеке мәселелерді жұмыс орнында шешуге тырыспауы қажет.

#### **9. Педагогикалық және әдістемелік жаңашылдыққа ашық болу**

- Балабақша қызметкерлері педагогикалық әдістемелер мен жаңа технологияларға ашық болып, оларды жұмыс барысында тиімді қолдануы қажет.
- Балалардың оқу мен тәрбиесі үшін жаңа әдіс-тәсілдер мен инновациялық бағдарламаларды іздестіру, енгізу және дамыту үшін кәсіби түрде ізденіс жүргізуі тиіс.

#### **10. Балалардың тәртібін оңалту**

- Балабақша қызметкерлері балалардың тәртібін түзеу үшін жаза қолданудан аулақ болып, оңалту мен оң әсер ететін әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет.
- Қызметкерлер әрбір баланың эмоциялық жағдайын түсініп, оны дұрыс бағытта тәрбиелеуге көмектесуі керек.

Бұл ережелер педагогтардың әрбір іс-әрекетінде кәсіби, адамгершілік және этикалық жауапкершілікті сезінуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ балалардың дамуы мен тәрбие процесінің сапасын арттырады.

МКҚК №45 «Алтын бала» бобекжай – балабақшасы

Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы:

*Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау  
кезіндегі сыртқы келбеті;*

*Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін  
сақтау міндеті.*

Ақтөбе қаласы - 2023-2024 оқу жылы

1. Педагогикалық әдеп этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

**Педагогикалық әдептіліктің көрсеткіштері:**

**Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін атқарылатын кәсіптік жауапкершіліктің көрсеткіштері:**

кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас

Тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау

Эмоционалдық байсалдылық, әдептілік

Ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас

**Педагогтың өзінің алдына қойған жоғарғы талаптардың көрсеткіштері:**

Әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау

Өз мінез-құлқына баға беру, өзін-өзі сынау

Өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру.

**Педагогикалық әдеп:**

тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде

сөйлесу икемділігінде

оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде

өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде

ескерту жасаған кезде

баланың мінез-құлқына баға берген кезде

мадақтау және жазалай білу икемділігінде

дауыс ырғағында

## **2. Педагогикалық әдептің ерекшеліктері:**

- 1) ұстаздың кәсіби мінез-құлығындағы, іс-әрекетіндегі өлшем
- 2) ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді, түрлерді, тәсілдерді таңдау өлшемі

**Әдептілік** - педагогтың мінез-құлығындағы ерекшелікке айналу керек.

*Педагог қызметінде өз пәнін жетік білу және оқытудың әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеру маңызды ма, әлде оның педагогикалық мәдениеті мен өмірлік ұстанымы маңызды ма?*

**«Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді».**

**К.Д.Ушинский**

**Педагогикалық әдеп – мұғалімнің ең етене кәсіптік белгісі. Педагогикалық шеберлік.**

### **Педагогикалық шеберлік дегеніміз:**

- педагогтың пәнді жетік білуі
- оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде білуі
- педагогтың өмірге деген көзқарасы
- педагогикалық әдеп

### **Педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері:**

- Кәсіптік білім
- Біліктілік
- Дағды
- Кәсіптік қабілет
- Педагогикалық әдеп
- Педагогикалық техника

### 3. Педагогтың бойында қандай этикалық қасиеттер болуы керек?

**Педагогтың бойында болу керек қасиеттер (оқушылардың пайымдауы бойынша):**

Мейірімділік

Балаларға деген шынайы махаббат

Эмоционалдық байсалдылық

Әділдік

Балаларға деген зейін

Қайырымдылық

Сергектік

Өмірді сүйгіштік

Тіл табыса білу, бәрімен араласа білу

Жігер

**Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер:**

**(оқушылардың пайымдауы бойынша)**

#### **1. Дәрекілік**

Оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдамау, сыйламау

Әділетсіздік

Өзін-өзі ұстай білмеу

Әдепсіздік

Балаларға немқұрайлы қарау

Өзінің пәніне немқұрайлы қарау

**Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз мұғалімнің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады.**

4. «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума табиғи қасиетті меңгерген дана адам болу керек».

Әл-Фараби

өнер-білімге құштар  
мүшелері мүлде мінсіз;  
жаратылысынан өзіне айтқанның бәрін жете түсінетін;  
өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз;  
өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын;  
тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұқбат құруға қанағатшыл;  
жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын;  
жаратылысынан игі істерге ынтызар;  
әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін;  
жақындарына да, жат адамдарға да әділ, пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз  
қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек;  
бойына туа біткен он екі қасиетке ие болған, бұларды бір-бірімен сәтті  
ұштастырған адам ғана нағыз ұстаз, жұртқа жақсы басшы бола алады.

## 5. Педагог пен оқушының жеке әлеуметтік-психологиялық өзара қарым-қатынасындағы педагогикалық әдептің алатын орны

### 1. Қатынас жасау, тілдесу өнері:

- өз мінез-құлқын, сезімдерін басқара алу;
- бақылай, қадағалай алу;
- назарды басқа жаққа аудары білу;
- тәрбиеленушілердің ішкі жан дүниесін түсіне білу және оны ескере білу;
- “жүзіне қарап оқи алу”;
- оқушылармен байланыс жасай алу.

### 2. Педагогикалық іс-әрекетте қарым-қатынас жасаудың барлық түрлерін қолдану керек (ақпарат алмасу, өзара әрекеттестікті ұйымдастыру, баланың тұлғалық қасиеттерін аша білу, оған ықпал ету және т.б.);

Қарым-қатынас жасау арқылы шешетін мәселеніңді айқын және нақты тұжырымдап алыңыз;

### 3. Қарым-қатынас жасаудың стратегиясы мен әдіс, жолдарын ойластырып алыңыз, баланың санасы мен мінез-құлқына ықпал ететін әдістерді таңдап алыңыз;

### 4. Тәрбиеленушілермен қарым-қатыста тілдесуді “тік”, жоғарыдан төменге қарай емес (педагог баладан биік), керісінше, “көлденең” (педагог пен оқушы бірдей) дәрежесінде ұйымдастырған жөн;

### 5. Балалармен қарым-қатынас жасауда олардың көңіл-күйін түсінуге талпыныңыз, сыныптағы климаттың кішкентай болса да өзгерістеріне назар аударып тұрыңыз;

### 6. Тәрбиеленушілермен қарым-қатынастағы бастаманы өз қолыңызға алыңыз, есіңізде болсын, өзіндік бастама оқушылармен ынтымақтастықты жасауға Сізге көмектеседі;

### 7. Тілдесу кезінде өзіңізді еркін ұстаңыз, ешқандай бөгеліп қалушылық, бейберекет қозғалыс, бос күлкі болмау керек;

### 8. Балалармен сөйлесуде белгілі бір қалыпты ұстанудан алыс болыңыз: өзіңізді өзіңіз ұстай білуде, оқушылардың мінез-құлқына деген таптаурындық қарсы шығуларда, алдын ала жасалынған жоспар бойынша тілдесуде және т.б.;

### 9. Кейбір оқушыларға деген келеңсіз ойларыңызды, қарым-қатынасыңызды көрсетпеуге тырысыңыз;

### 10. Оқушылармен қарым-қатынаста мақтауды, мадақтауды, қолдау көрсетуді, мақұлдауды қолданыңыз;

### 11. Оқушыларды ести және тындай алу керек;

### 12. Жиі-жиі күліп жүріңіз, күлкі балалармен тілдесуге, қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

## 6. Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс:

Балаларға әрқашан сенім көрсету;

Schoolchildren оқытудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесу;

Оқушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;

Әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде, оқушы қиындыққа кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға болу;

Әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде, оқушы қиындыққа кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға болу;

Балалардың, әріптестердің ішінде өз сезімін ашық білдіру;

Әрбір оқушының сезімі мен көңіл толқуларын түсінуге мүмкіндік беретін эмпатиялық дәрежеге ұмтылу.

Педагогикалық жағдайлар:

1. Бірінші бағамда оқитын Айдын сабақтан кейін мұғалімнің үстеліне таянып: **“Білесіз бе, мен Сізден кеңес алайын деп едім....”** деп сөзін бастап еді, мұғалім: **“Сен мұғалімнің алдында қалай тұрсың?”** – деп ашуланады, содан кейін ғана: **“Менен не сұрайын деп едің?”** – **“Жоқ, ешнәрсе”** – деп Айдын түнере жауап береді де, сыныптан шығып кетеді.
2. Екінші бағамда оқитын Айгүлге келген хат мұғалімнің қолына тиеді. **“Төлегеннің түрі!”** – деп, ұстаз хаттағы қателерді түзей бастайды. **“Төлеген”** сыныптан атып шығады да, мектепке келмей қояды.

**7. Педагогикалық техника** - педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені.

**Педагогикалық техника дегеніміз:**

дұрыс және мәнерлі сөйлеу икемділігі (сөйлеу мәдениеті, оның эмоционалдық мінездемесі, интонация, сенім туғызуы);

жест және мимиканы, пантомимиканы қолдана білу икемділігі;

өзінің психикалық жағдайын – сезімдерін, көңіл-күйін - басқара алу икемділігі;

өзін-өзі сырттай көре алу икемділігі (әлеуметтік перцепция).

Сөйлесу кезінде қолыңызды айқастырмаңыз, аудиторияға бетіңізбен бұрылып тұрыңыз, араларыңыздағы қашықтық үлкен болмауы керек. Сөйлеу кезінде оңға, солға емес, керісінше алдыға, артқа қозғалған дұрыс. Алдыға қозғалғанда айтып тұрған ақпаратыңыздың маңыздылығы күшейеді, ал артқа қозғалсаңыз тыңдаушыларға кішкене дем алуға мүмкіндік бересіз.

**Мимика** – беттің қимылдары арқылы өз сезіміңізді, ойларыңызды, көңіл-күйіңізді көрсету өнері. Сөзге қарағанда бет әлпет, көзқарас адамдарға көп әсер береді.

Мимика ақпараттарды жақсы қабылдатуға көмектеседі.

Педагогикалық техника педагог іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді бірігуіне ықпал жасайды:

Педагогтың киімі эстетикалық жағынан әсерлі, әдемі, жарасымды болу керек;

Педагогтың шаш үлгісі де, киген киімі де, таққан әшекейлері де балаға ықпал ету мақсатында таңдалу керек;

Педагогтың жүзі жайдарлы, қозғалыстары жинақы болғаны дұрыс. Педагог өзіне-өзі сенімді болуы керек.

**Педагогтың дене күйі, тұрған тұрысы:**

Түзу дене posture – сенімділік, зеректік, кішіпейілділік;

Schoolchildren теріс қарап тұрып сөйлеу – қызығушылықтың жоқтығы;

Қырымен тұру – теріс, негативті қарым-қатынас;

Сұрақ қойғанда алдыға қарай еңкею – дұрыс, оң қарым-қатынас;

**«Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді».**  
К.Д.Ушинский

**. «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума табиғи қасиетті меңгерген дана адам болу керек».**  
Әл-Фараби

Егер кез келген мұғалім ынта-ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқығандық жетемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қолданып шығарса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.



№45 «Алтын бала» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

**Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы**

***Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау***

***кезінде этикалық нормаларды сақтау;***

***Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика;***

***Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.***

Ақтөбе – 2023-2024 оқу жылы

1. Педагогикалық әдеп этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

**Педагогикалық әдептіліктің көрсеткіштері:**

**Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін атқарылатын кәсіптік жауапкершіліктің көрсеткіштері:**

кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас

Тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау

Эмоционалдық байсалдылық, әдептілік

Ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас

**Педагогтың өзінің алдына қойған жоғарғы талаптардың көрсеткіштері:**

Әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау

Өз мінез-құлқына баға беру, өзін-өзі сынау

Өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру.

**Педагогикалық әдеп:**

тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде

сөйлесу икемділігінде

оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде

өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде

ескертужасаған кезде

баланың мінез-құлқына баға берген кезде

мадақтау және жазалай білу икемділігінде

дауыс ырғағында

**2. Педагогикалық әдептің ерекшеліктері:**

1) ұстаздың кәсіби мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі өлшем

2) ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді, түрлерді, тәсілдерді таңдау өлшемі

**Әдептілік** - педагогтың мінез-құлығындағы ерекшелікке айналу керек.  
*Педагог қызметінде өз пәнін жетік білу және оқытудың әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеру маңызды ма, әлде оның педагогикалық мәдениеті мен өмірлік ұстанымы маңызды ма?*

**«Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді».**

**Педагогикалық әдеп – мұғалімнің ең етене кәсіптік белгісі. Педагогикалық шеберлік.**

**К.Д.Ушинский**

**Педагогикалық шеберлік дегеніміз:**

педагогтың пәнді жетік білуі

оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде білуі

педагогтың өмірге деген көзқарасы

педагогикалық әдеп

**Педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері:**

Кәсіптік білім

Біліктілік

Дағды

Кәсіптік қабілет

Педагогикалық әдеп

Педагогикалық техника

**3. Педагогтың бойында қандай этикалық қасиеттер болуы керек?**

**Педагогтың бойында болу керек қасиеттер (оқушылардың пайымдауы бойынша):**

Мейірімділік

Балаларға деген шынайы махаббат

Эмоционалдык байсалдылык

Әділдік

Балаларға деген зейін

Қайырымдылық

Сергектік

Өмірді сүйгіштік

Тіл табыса білу, бәрімен араласа білу

Жігер

*Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер:*

*(оқушылардың пайымдауы бойынша)*

1. Дорекілік

Оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдамау, сыйламау

Әділетсіздік

Өзін-өзі ұстай білмеу

Әдепсіздік

Балаларға немқұрайлы қарау

Өзінің пәніне немқұрайлы қарау

**Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз мұғалімнің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады.**

**4. «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума табиғи қасиетті менгерген дана адам болу керек».**

өнер-білімге құштар

мүшелері мүлде мінсіз;

**Әл-Фараби**

жаратылысынан өзіне айтқанның бәрін жете түсінетін;  
өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз;  
өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын;  
тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұқбат құруға қанағатшыл;  
жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын;  
жаратылысынан игі істерге ынтызар;  
әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін;  
жақындарына да, жат адамдарға да әділ, пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін  
батыл, ер жүрек;  
бойына туа біткен он екі қасиетке ие болған, бұларды бір-бірімен сәтті ұштастырған адам ғана нағыз ұстаз, жұртқа  
жақсы басшы бола алады.

5. Педагог пен оқушының жеке әлеуметтік-психологиялық өзара қарым-қатынасында педагогтың алатын орны

1. Қатынас жасау, тілдесу өнері:

өз мінез-құлқын, сезімдерін басқара алу;  
бақылай, қадағалай алу;  
назарды басқа жаққа аудара білу;  
тәрбиеленушілердің ішкі жан дүниесін түсіне білу және оны ескере білу;  
“жүзіне қарап оқи алу”;  
оқушылармен байланыс жасай алу.

2. Педагогикалық іс-әрекетте қарым-қатынас жасаудың барлық түрлерін қолдану керек (ақпарат алмасу, өзара әрекеттестікті ұйымдастыру, баланың тұлғалық қасиеттерін аша білу, оған ықпал ету және т.б.);  
Қарым-қатынас жасау арқылы шешетін мәселенізді айқын және нақты тұжырымдап алыңыз;

3. Қарым-қатынас жасаудың стратегиясы мен әдіс, жолдарын ойластырып алыңыз, баланың санасы мен мінез-құлқына ықпал ететін әдістерді тандап алыңыз;
4. Тәрбиеленушілермен қарым-қатыста тілдесуді “тік”, жоғарыдан төменге қарай емес (педагог баладан биік), керісінше, “көлденең” (педагог пен оқушы бірдей) дәрежесінде ұйымдастырған жөн;
5. Балалармен қарым-қатынас жасауда олардың көңіл-күйін түсінуге талпыныңыз, сыныптағы климаттың кішкентай болса да өзгерістеріне назар аударып тұрыңыз;
6. Тәрбиеленушілермен қарым-қатынастағы бастаманы өз қолыңызға алыңыз, есіңізде болсын, өзіндік бастама оқушылармен ынтымақтастықты жасауға Сізге көмектеседі;
7. Тілдесу кезінде өзіңізді еркін ұстаңыз, ешқандай бөгеліп қалушылық, бейберекет қозғалыс, бос күлкі болмау керек;
8. Балалармен сөйлесуде беліңізді бір қалыпты ұстанудан алыс болыңыз: өзіңізді өзіңіз ұстай білуде, оқушылардың мінез-құлқына деген таптанушылық қарсы шығуларда, алдымен ала жасалынған жоспар бойынша тілдесуде және т.б.;
9. Кейбір оқушыларға деген келеңсіз ойларыңызды, қарым-қатынасыңызды көрсетпеуге тырысыңыз;
10. Оқушылармен қарым-қатынаста мақтауды, мадақтауды, қолдау көрсетуді, мақұлдауды қолданыңыз;
11. Оқушыларды ести және тыңдай алу керек;
12. Жиі-жиі күліп жүріңіз, күлкі балалармен тілдесуге, қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

#### **6. Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс:**

Балаларға әрқашан сенім көрсету;

Schoolchildren оқытудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесу;

Оқушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;

Әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде, оқушы қиындыққа кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға болу;

Әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде, оқушы қиындыққа кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға болу;

Балалардың, әріптестердің ішінде өз сезімін ашық білдіру;

Әрбір оқушының сезімі мен көңіл толқуларын түсінуге мүмкіндік беретін эмпатиялық дәрежеге ұмтылу.

Педагогикалық жағдайлар:

1. Бірінші бағамда оқитын Айдын сабақтан кейін мұғалімнің үстеліне таянып: “Білесіз бе, мен Сізден кеңес алайын деп едім....” деп сөзін бастап еді, мұғалім: “Сен мұғалімнің алдында қалай тұрсың?” – деп ашуланады, содан кейін ғана: “Менен не сұрайын деп едің?” – “Жоқ, ешнәрсе” – деп Айдын түнере жауап береді де, сыныптан шығып кетеді.
2. Екінші бағамда оқитын Айгүлге келген хат мұғалімнің қолына тиеді. “Төлегеннің түрі!” – деп, ұстаз хаттағы қателерді түзей бастайды. “Төлеген” сыныптан атып шығады да, мектепке келмей қояды.

**7. Педагогикалық техника** - педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені.

**Педагогикалық техника дегеніміз:**

дұрыс және мәнерлі сөйлеу икемділігі (сөйлеу мәдениеті, оның эмоционалдық мінездемесі, интонация, сенім туғызуы);

жест және мимиканы, пантомимиканы қолдана білу икемділігі;

өзінің психикалық жағдайын – сезімдерін, көңіл-күйін - басқара алу икемділігі;

өзін-өзі сырттай көре алу икемділігі (адеуметтік перформанс).

Сөйлесу кезінде қолыңызды айкастырмаңыз, аудиторияға бетіңізбен бірмәнілі тұрыңыз, сөздеріңізді асыраумен айтып үлкен болмауы керек. Сөйлеу кезінде оңға, солға емес, көрініске алдында тұрған жаққа қарап тұрыңыз. Сөздеріңізді айтып тұрған ақпаратыңыздың маңыздылығы күшейеді, ал артқа қозғалсаңыз тыңдаушыларға кішкене дем алуға мүмкіндік бересіз.

**Мимика** – беттің қимылдары арқылы өз сезіміңізді, ойларыңызды, көңіл-күйіңізді көрсету өнері. Сөзге қарағанда бет әлпет, көзқарас адамдарға көп әсер береді. Мимика ақпараттарды жақсы қабылдатуға көмектеседі.

Педагогикалық техника педагог іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді бірігуіне ықпал жасайды:

Педагогтың киімі эстетикалық жағынан әсерлі, әдемі, жарасымды болу керек;

Педагогтың шаш үлгісі де, киген киімі де, таққан әшекейлері де балаға ықпал ету мақсатында тандалу керек;

Педагогтың жүзі жайдарлы, қозғалыстары жинақы болғаны дұрыс. Педагог өзіне-өзі сенімді болуы керек.

**Педагогтың дене күйі, тұрған тұрысы:**

Түзу дене posture – сенімділік, зеректік, кішіпейілділік;

Schoolchildren теріс қарап тұрып сөйлеу – қызығушылықтың жоқтығы;  
Қырымен тұру – теріс, негативті қарым-қатынас;  
Сұрақ қойғанда алдыға қарай еңкею – дұрыс, оң қарым-қатынас;

«Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді».

К.Д.Ушинский

Әл-Фараби

Егер кез келген мұғалім ынтымақшыл қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

## Педагогикалық әдеп



тілдесу, қарым-қатынас  
жасау кезінде

сөйлесу кезінде

оқушылардың іс-әрекеттерін  
ұйымдастыра алу икемділігінде

өзін-өзі ұстай алу және  
талап ету икемділігінде

# Педагогикалық тәртіп құрылымы

Адамдарға қатысты  
тәртіпке зейіні тален  
сезімталдығы

Адамдарға қатысты  
тәртіпке зейіні тален  
сезімталдығы

Адамдарға қатысты  
тәртіпке зейіні тален  
сезімталдығы

Өңгімелесіп отырған  
адамды тыңдай білуі,  
оны түсіне білуі,

Ара-қатынастағы іскерлік

# Педагогикалық қарым-қатынастық іскерлігінің қалыптасу шарты мен құрылымы.



Педагогикалық қатынас ерекшелігі. Қатынас процесінде жүзеге асырылған жұмыстардың түрлері. Баланың оқу-танымдық және басқа қызметтерінің өзара байланысы және оның басқа адамдармен қарым-қатынастық

Педагогикалық қатынас педагогтардың оқушылармен өзара байланысының алуға мүмкіндік беретіндігі. Қатынастың

Екі бағыты бар: педагогтың оқушыға және оқушының педагогқа қатысты.

Оқушының педагогқа қатысты қатынасы

бағыты педагогтың оқушыға қатысты қатынасы

логикасымен сәйкестендіріледі. Педагогикалық қатынастың негізгі бағыты педагогтың оқушыға қатысты қатынасы. Педагогтың оқушыға қатысты қатынасы педагогтың оқушыға қатысты қатынасының нәтижесі және тікелей қатынас ұғымын моделдеу, қатынасты басқару, процесті талдау.

Педагогикалық қатынас стилі, оның педагогикалық қызметтің жалпы стилімен өзара байланысы. Педагогтың коммуникативтік мүмкіндіктерінің педагогикалық стиліне әсері.

Оқытушылардың қатынас стилін қалыптастыра білуі және оқытушының жеке басының міндеттерін шешуге әсер ететін өзіндік кәсіби диагностиканың қолдануы.

Педагогтармен оқытушылардың арасындағы мақсатқа сай педагогикалық өзара қарым-қатынас.



# Педагогтың сөйлесу техникасы және сөйлеу мәдениеті.

